

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер арасындағы Салық заңдарын сақтау және осы саладағы заң бұзушылықтарға қарсы күрес мәселелері бойынша ынтымақтастық пен өзара көмек жөніндегі келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 22 қыркүйек N 1427

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1999 жылғы 4 маусымда Минск қаласында жасалған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер арасындағы Салық заңдарын сақтау және осы саладағы заң бұзушылықтарға қарсы күрес мәселелері бойынша ынтымақтастық пен өзара көмек жөніндегі келісім бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер арасындағы Салық заңдарын сақтау және осы саладағы заң бұзушылықтарға қарсы күрес мәселелері бойынша ынтымақтастық пен өзара көмек жөніндегі

КЕЛІСІМ

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын осы Келісімге қатысушы-мемлекеттер өздерінің үкіметтері атынан,

салық салу саласындағы экономикалық реформаларды үйлестіруді жүзеге асыруға бағытталған, келісілген салық саясатын жүргізудің қажеттілігін пайымдай отырып,

салық заңдарын сақтау, оның ішінде салықтық құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың алдын алу, анықтау және олардың жолын кесуге байланысты міндеттерді тиімді шешу мәселелері бойынша мемлекетаралық ынтымақтастық пен өзара көмектің маңыздылығын негізге ала отырып,
осы мақсатта бір-біріне жәрдем көрсетуге тілек білдіре отырып,
мына төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісімнің мақсаттары үшін мынадай терминдер:

Салық заңдары - Тараптардың аумағында салықтар мен алымдардың түрлерін, оларды өндіріп алудың тәртібін белгілейтін және салық міндеттемелерінің туындауына, өзгеруіне және тоқтатылуына байланысты қатынастарды реттейтін заңдық нормалардың жиынтығын;

салық заңдарын бұзушылық - Тараптардың ұлттық заңдары жауапкершілік белгілеген салықтар мен алымдар туралы заңдарды салық төлеушілердің орындамауынан не тиісті түрде орындамауынан көрінетін құқыққа қарсы іс-әрекетті;

құзыретті органдар - Тараптардың ұлттық заңдарына сәйкес салық заңдарын сақтауға, салықтар мен алымдардың түсімдеріне және осы саладағы заң бұзушылыққа қарсы күресті ұйымдастыруға бақылау жасауды қамтамасыз ету жүктелген мемлекеттік органды;

көмек туралы сұрау салу - салық заңдарын сақтау мен осы саладағы заң бұзушылыққа қарсы күрес мәселелерінде көмек көрсету туралы сұрау салуды;

сұрау салушы құзыретті орган - көмек туралы сұрау салуды жасайтын Тараптың құзыретті органдары;

сұрау салынған құзыретті орган - көмек көрсету туралы сұрау салуды алатын Тараптың құзыретті органдарын білдіреді.

2-бап

Осы Келісімнің тақырыбы салық заңдарын сақтау мен осы саладағы заң бұзушылыққа қарсы күрес мәселелері бойынша Тараптардың құзыретті органдарының ынтымақтастығы мен өзара көмегі болып табылады.

Тараптардың құзыретті органдары өз мемлекеттерінің ұлттық заңдары мен халықаралық міндеттемелерін басшылыққа ала отырып, осы Келісімнің шеңберінде ынтымақтастықты жүзеге асырады.

Осы Келісімнің ережелері Тараптардың арасында, сондай-ақ осы Келісімге қатысушы-мемлекеттер мен осы Келісімге қатыспайтын мемлекеттер арасында жасалған өзге де келісімдерге сәйкес құзыретті органдардың ынтымақтастығына кедергі келтірмейді.

3-бап

Осы Келісімнің шеңберінде Тараптардың құзыретті органдары өздерінің ұлттық заңдарына сәйкес ынтымақтастықтың мынадай нысандарын қолданады:

ұлттық салық жүйелері туралы, салық заңдарындағы өзгерістер мен толықтырулар туралы ақпаратты, сондай-ақ салық заңдарын бұзушылықтан сақтандыруға, оларды анықтауға және жолын кесуге бағытталған әдістемелік ұсыныстарды табыс ету:

салық заңдарын бұзуға байланысты ақпаратты қоса алғанда, салық төлеушілердің салық заңдарын сақтауы туралы ақпаратпен алмасу;

салық заңдарын бұзушылықтың алдын алуға, анықтауға және оның жолын кесуге бағытталған іс-шараларды жүргізудегі өзара іс-қимыл;

заңды және жеке тұлғаларға салық салуға байланысты құжаттардың тиісті түрде куәландырылған көшірмелерін табыс ету;

Тараптардың құзыретті органдарының жұмысын қамтамасыз ететін электронды байланыс құралдарын құруда оларды іске қосу мен өзара іс-қимылында тәжірибе алмасу және өзара көмек көрсетуі;

ынтымақтастық барысында туындайтын мәселелер бойынша жұмыс топтарын құру және сарапшылар алмасу;

ғылыми-практикалық конференциялар мен семинарлар өткізу және бірлескен іс-қимыл талап ететін ынтымақтастықтың басқа да түрлерін пайдалану;

Тараптардың құзыретті органдары осы Келісімді орындауға байланысты мәселелер бойынша бір-бірімен тікелей байланыс жасайды.

Осы Келісімді орындау үшін Тараптар қажет болған жағдайда өздерінің құзыретті органдарында тиісті құрылымдық бөлімшелерді құруы мүмкін.

Осы Келісімнің шеңберіндегі ынтымақтастықты іске асырудың нақты нысандары Тараптардың құзыретті органдары арасында жасалатын тиісті шарттармен белгіленеді.

4-бап

Салық заңдарын бұзушылық туралы ақпарат алмасу осы Келісімнің 6 бабындағы ережелерге сәйкес көмек көрсету туралы сұрау салудың негізінде мынадай мәліметтер беруді көздейді:

- салық төлеушілердің, орналасқан жері, бағыныстылығы, меншік нысаны және басқалары туралы мәліметтерді қоса алғанда, оларды тіркеу;
- Тараптардың аумақтарында алынған салық салу мен кірістер объектілері салық салуға байланысты төленген салық сомалары мен басқа да ақпарат;
- Тараптардың заңнама талаптарына сәйкес салық төлеушілердің мемлекеттік және коммерциялық банкілердегі есепшотының есебі;
- Тараптардың құзыретті органдарының өкілеттілігі ішіндегі басқа да ақпараттар.

Ақпаратты екінші Тараптың құзыретті органдарының көмек көрсету туралы сұрау Тараптардың бірінің құзыретті органдары салуының негізінде береді, бұл орайда мұндай ақпараттарды беру сұрау салынған Тараптың ұлттық заңдарына қайшы келмеуі тиіс.

Егер Тараптардың бірінің құзыретті органдары өздерінде бар ақпаратқа екінші Тараптың құзыретті органдары мүдделі деп есептесе, онда мұндай ақпараттарды өздерінің қалауы бойынша бере алады.

5-бап

Салық заңдарын бұзушылықтың алдын-алу, анықтау және олардың жолын кесу жөніндегі іс-шараларды өткізу кезінде Тараптардың құзыретті органдарының өзара іс-қимылы бірлескен жоспарлауды, қаражаттарды пайдалануды және мамандарды тартуды, осы іс-шараларды өткізудің барысы мен нәтижелері туралы ақпарат алмасуды қамтуы мүмкін.

6-бап

Көмек көрсету туралы сұрау салу жазбаша нысанда немесе телетайптық, факсимильдік байланыс немесе электрондық байланыстың құралдарын пайдалану арқылы берілуі тиіс.

Телетайптық, факсимильдік байланысты немесе байланыстың электрондық құралдарын пайдаланған кезде сұрау салудың немесе оның мазмұнының растығына қатысты күмән туындаған жағдайда сұрау салынған құзыретті орган жазбаша нысанда расталуын сұрай алады.

Көмек көрсету туралы сұрау салуда:

- сұрау салушы құзыретті органның атауы;
- сұрау салынған құзыретті органның атауы;
- сұрау салуға қатысты жасалатын салық төлеушінің деректемесі;
- сұрау салудың қысқаша мазмұны және оның негіздемесі, сондай-ақ сұрау салуды орындау үшін қажетті басқа да мәліметтер;
- қажетті жағдайда ұсынылатын құжаттардың көшірмелерін куәландыру тәртібі болуы тиіс.

Көмек көрсету туралы сұрау салу мен оның жауабы орыс тілінде немесе орыс тіліндегі куәландырылған аудармасы қоса тіркеліп ұлттық тілде жасалады.

Сұрау салынған құзыретті орган сұрау салуды орындау үшін қажетті қосымша ақпаратты талап етуге құқылы.

Сұрау салынған құзыретті орган көмек көрсету туралы сұрау салу бойынша нормативтік актілерді, өздері куәландырылған құжаттардың көшірмелерін және сұрау салуды орындау үшін қажетті басқа да материалдарды ұсынады.

Құжаттар мен басқа да материалдардың түпнұсқалары келісілген мерзімде ұсынылуы мүмкін.

7-бап

Тараптар нақты салық төлеушілерге қатысты ақпараттың құпиялылығын сақтауға және Тараптардың ұлттық заңдары мен сұрау салынған құзыретті органның талаптарына сәйкес ақпарат құпиялылығын қорғау режимін қамтамасыз етуге

міндеттенеді.

Алынған ақпаратты Тараптардың құзыретті органдары осы Келісімде көзделген мақсаттарға, оның ішінде әкімшілік немесе соттың талқылауларына ғана пайдалануы мүмкін.

Тараптар алынған ақпаратты заңсыз пайдалануға жол бермеуге міндеттенеді.

8-бап

Тараптардың құзыретті органдары өз құзыреттерінің шегінде өздерінің ұлттық заңдарына сәйкес бір-біріне көмек көрсетеді.

Сұрау салушы құзыретті орган оның өтініші бойынша көмек көрсету туралы сұрау салуды орындау жүзеге асырылатын іс-қимылды өткізудің уақыты мен орны туралы хабарлануы мүмкін, ал оның өкілдері қосымша келісім бойынша аталған іс-қимылдарды өткізуге қатыса алады.

Егер сұрау салуды сұрау салынған құзыретті орган орындай алмайтын болса, онда ол сұрау салу түскен күннен бастап бір ай ішінде бұл туралы сұрау салушы құзыретті органға жазбаша хабарлайды.

9-бап

Тараптардың құзыретті органдары өз мемлекеттерінің аумақтарында осы Келісімді орындауға байланысты шығыстарды көтереді.

Қосымша шығыстарды талап ететін көмек көрсету туралы сұрау салулар салынған жағдайда, оларды қаржыландыру туралы мәселені Тараптардың құзыретті органдары өзара уағдаластық бойынша қарайтын болады.

Бірлескен іс-шараларды өткізу кезінде екінші Тараптың аумағындағы өз қызметкерлерінің жұмысын қамтамасыз ету жөніндегі шығыстарды егер Тараптармен өзгеше келіспесе, жіберуші Тарап өз мойнына алады.

10-бап

Тараптар осы Келісімді қолдану кезінде туындауы мүмкін даулы мәселелерді реттеуде өзара келісімге келуге қол жеткізуге ұмтылады.

Тараптар қажет болған жағдайда осы Келісімді іске асыру барысын бағалау үшін консультациялар өткізеді және оларды өткізудің мерзімдерін белгілейді.

Тараптар осы Келісімнің ережелерін іске асыру мақсатында жекелеген мәселелер бойынша қосымша келісімдер жасаса алады.

Осы Келісімнің ережелері басқа да халықаралық шарттарға сәйкес Тараптар қабылдаған міндеттемелерге ықпал етпейді.

11-бап

Құзыретті органдардың тізбесін әрбір Тарап белгілейді және осы Келісім күшіне енгеннен кейін бір ай ішінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетіне жіберіледі.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқару комитеті Тараптардан алынған хабарламалардың негізінде Тараптардың құзыретті органдарының тізбесін қалыптастырады және оны Келісімге қатысушы мемлекеттердің барлығына жібереді, сондай-ақ Тараптардан алынған хабарламалардың негізінде аталған тізбедегі барлық өзгерістер туралы хабарлайды.

12-бап

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді қол қойған Тараптардың орындағаны туралы үшінші хабарламаны депозитарийге сақтауға тапсырылған күннен бастап күшіне енеді. Мемлекетішілік рәсімдерді кешірек орындаған Тараптар үшін Келісім тиісті құжаттарды депозитарийге тапсырған күннен бастап күшіне енеді.

13-бап

Осы Келісім оның күшіне енген күнінен бастап 5 жыл бойы қолданылады. Егер Тараптар өзгеше шешім қабылдаса, жоғарыда аталған мерзім өтісімен Келісім әрбір жолы 5 жыл кезеңге өздігінен ұзартылады.

14-бап

Тараптар өзара келісім бойынша осы Келісімге хаттамалармен ресімделетін және осы Келісімнің 12 бабында көзделген тәртіппен күшіне енетін өзгерістер мен толықтырулар енгізуі мүмкін.

15-бап

Әрбір Тарап өзі шыққанға дейін кем дегенде 6 ай бұрын бұл туралы депозитарийге жазбаша хабарлама жіберіп, осы Келісімнен шыға алады.

16-бап

Осы Келісім оның мақсаттары мен қағидаттарын бөлісетін және барлық

Тараптардың келісімімен қосылу туралы құжаттарды депозитарийге тапсыру арқылы басқа да мемлекеттердің қосылуы үшін ашық.

Минск қаласында 1999 жылы 4 маусымда орыс тілінде бір түпнұсқа данада жасалды. Түпнұсқа данасы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінде сақталады, ол оның куәландырылған көшірмесін осы Келісімге қол қойған әрбір мемлекетке жібереді.

Әзірбайжан Республикасы
Үкіметі үшін

Молдова Республикасы
Үкіметі үшін

Армения Республикасы
Үкіметі үшін

Ресей Федерациясы
Үкіметі үшін

Беларусь Республикасы
Үкіметі үшін

Тәжікстан Республикасы
Үкіметі үшін

Грузия Республикасы
Үкіметі үшін

Түркіменстан Республикасы
Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасы
Үкіметі үшін

Өзбекстан Республикасы
Үкіметі үшін

Қырғыз Республикасы
Үкіметі үшін

Украина Республикасы
Үкіметі үшін

Мамандар:

Қобдалиева Н.М.
Орынбекова Д.Н.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК